

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
(Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі)Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2004 жылғы 26  
ақпандағы N 231 қаулысы. Күші  
жойылды - Қазақстан  
Республикасы Үкіметінің 2010  
жылғы 18 наурыздағы № 218  
ҚаулысыменПравительство Республики Казахстан  
(Премьер-Министр РК)**Қазақстан Республикасында салалық (секторалдық) және өңірлік  
бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыру ережесі туралы***Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.03.18 № 218 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасында Бағдарламаларды әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 мамырдағы N 789 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 24, 275-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты  
құжатқа сілтеу QR-коды

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 26 ақпандағы  
N 231 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасында салалық (секторалдық) және өңірлік  
бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыру ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларды (бұдан әрі - бағдарламалар) әзірлеу мен іске асыруға бірыңғай көзқарасты қамтамасыз ету мақсатында әзірленді әрі бағдарламалардың жобаларын қалыптастырудың ұғымдарын, ұйымдастырушылық-әдіснамалық негіздерін, жалпы қағидаттарын, оларды әзірлеу, келісу және бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереже әзірлеу мен іске асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын мемлекеттік бағдарламаларға қолданылмайды.

3. Бағдарламалар маңызды экономикалық, әлеуметтік және басқа да міндеттерді шешуге бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, қаржылық және техникалық өзара байланысты шаралар кешенін айқындайды, мақсатты жіті айқындауға негізделеді және Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму Стратегиясында айқындалған экономикалық дамудың ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтарын ескере отырып, алға қойған мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін күтілетін нәтижелер көрсетіліп, мерзімдері, ресурстары мен орындаушылары бойынша келісілген іс-шаралардың жүйесін қамтиды.

4. Бағдарламаларды Қазақстан Республикасының орталық, жергілікті атқарушы органдары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар стратегиялық және индикативтік жоспарларға сәйкес өмірдің экономикалық, әлеуметтік және басқа да салаларының маңызды проблемаларын шешу үшін әзірлейді.

Бағдарламалар, тек, егер онда баяндалған проблемаларды шешуді тиісті мемлекеттік әзірлеуші органның құзыреті шеңберінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда ғана әзірленеді.

#### 5. Бағдарламалар:

1) іске асыру мерзімдері бойынша: қысқа мерзімді (2 жылға дейін), орта мерзімді (3 жылға дейін) және үш жылдық кезеңдерді міндетті түрде бөле отырып ұзақ мерзімді (10 жылға дейін).

Ұзақ мерзімді бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары тиісті орта мерзімді кезеңдерге әзірленеді;

2) проблемалары бойынша: әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық және басқалар болып бөлінеді.

6. Бағдарламаларда бағдарламалық іс-шараларды іске асыруға көзделген шығыстардың жалпы көлемі республикалық және жергілікті бюджеттердің үш жылдық кезеңге арналған болжамдық көрсеткіштері шеңберінде айқындалады.

7. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі бағдарламалар жөніндегі уәкілетті орган болып табылады, оның құзыретіне:

бағдарламаларды әзірлеу жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметіне әдіснамалық басшылықты жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы әрі әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар тізбесін қалыптастыру мен одан әрі жүргізуді жүзеге асыру;

бағдарламалардың іске асырылу барысын жалпы бақылауды жүзеге асыру;

бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін (нәтижелілігін) бағалауды жүргізу енеді.

## 2. Салалық (секторалдық) бағдарлама

8. Салалық (секторалдық) бағдарлама салалық (секторалдық) маңызы бар неғұрлым маңызды міндеттерді шешуге бағытталған өзара байланысты шаралар кешенін айқындайды.

9. Салалық (секторалдық) бағдарламаны ұлттық холдингпен, акционері ұлттық холдинг болып табылатын ұлттық компанияларды қоспағанда, ұлттық компаниялармен және экономиканың тиісті салаларында (секторларында) жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдармен бірлесіп, тиісті орталық атқарушы органдар әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

*Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.10.12. 982 қаулысымен.*

10. Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы әрі әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар тізбесі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының құрамында бекітіледі.

### **3. Өңірлік бағдарлама**

11. Өңірлік бағдарлама өңірдің (аумақтың) әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты шаралар кешенін айқындайды.

12. Өңірлік бағдарламаны облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдіктері әзірлейді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 86-бабына сәйкес өңірлік бағдарламаларды жергілікті өкілді органдар бекітеді.

13. Қолданыстағы әрі әзірленетін өңірлік бағдарламалар тізбесі бағдарламалар жөніндегі Уәкілетті органмен келісіледі және облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларының құрамында бекітіледі.

### **4. Бағдарламаларға қойылатын негізгі талаптар**

14. Бағдарламалар мынадай негізгі белгілерге ие болуға тиіс:

1) бағдарламаның нақты мақсаттарын, оларды іске асыру жолдары мен тетігін жіті айқындауы;

2) бағдарламалық іс-шаралар мен тапсырмалардың атаулығы, оларды іске асыру мерзімдерінің жіті айқындалуы мен дәйектілігі, орындаушылар қызметінің бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізуге қатаң бағдарлануы;

3) басқа бағдарламалармен үйлесуіне қол жеткізу;

4) қаржы, еңбек әрі техникалық ресурстармен және оларды қамтамасыз ету көздерінің теңдестірілуі.

15. Мынадай:

1) негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге пайыздық арақатынаста көрсетілген шығыстар көлемін регламенттейтін;

2) олар мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылған жағдайда тиісті бюджет комиссияларының қаржыландыру көздері мен мерзімдері бөлінісінде бағдарламалық іс-шараларды қаржыландыру көлемі бойынша оң қорытындысы жоқ;

3) қолданыстағы бағдарламалардың мақсаты мен міндеттерін, сондай-ақ бұл бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды қайталайтын;

4) тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттер қабылданғаннан кейін олардың кірістерін кемітуге және (немесе) шығыстарын ұлғайтуға әкеп соғатын;

5) осы Ереженің 4 және 14-тармақтарында белгіленген талаптарға сай келмейтін бағдарламалардың бекітілуіне жол берілмейді.

16. Іске асырылуы мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен бірнеше жыл бойы қаржыландыруды талап ететін бағдарламалар үш жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бюджеттің болжамды көрсеткіштеріне сәйкес оларды іске асырудың іс-шаралары, мерзімдері және қаржыландыру көздері бойынша ұйғарымды қаржыландыру көлемдері туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

## **5. Бағдарламаның құрылымы**

17. Бағдарламаның құрылымы мынадай бөлімдерді қамтиды:

1) паспорт (бағдарламаның негізгі параметрлері);

2) кіріспе;

3) проблеманың қазіргі жай-күйін талдау;

4) бағдарламаның мақсаты мен міндеттері;

5) бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі;

6) қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері;

7) бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже;

8) бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

18. Паспортта: атауын, әзірлеу негіздемесін, бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның көрсетілуін, мақсаты мен міндеттерін, іске асыру мерзімдерін (кезеңдерін), қаржыландыру көлемдері мен көздерін, күтілетін нәтижелерді қамтитын бағдарламаның негізгі параметрлері сипатталады.

19. Кіріспеде бағдарламаны әзірлеу негіздемесі, оны әзірлеу алдындағы жәйттер көрсетіледі.

20. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау сандық және сапалық сипаттамаларды, күшті және әлсіз тұстарын, орын алып отырған проблемаларды, өткен бірнеше жылдағы негізгі көрсеткіштердің серпінін көрсетуге, сондай-ақ осы проблеманы шешу жөніндегі Қазақстан Республикасының жағдайларына бейімделуі мүмкін шетелдік оң тәжірибені шолуды қамтуға тиіс.

Қажет болған жағдайда бағдарламаларды әзірлеу кезінде маркетингтік зерттеулер жүргізілуі мүмкін, олардың қорытындылары "Мәселенің қазіргі жағдайын талдау" бөлімінде көрсетіледі.

21. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері жіті, нақты, бақыланатын және тексерілетін болуы тиіс.

Бағдарламаның мақсаты елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық және индикативтік жоспарларына негізделе отырып қалыптасады.

Міндеттер алға қойылған мақсатқа неғұрлым тиімді әдістермен қол жеткізу жолдарын айқындайды.

22. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен оны іске асыру тетіктерінде орын алып отырған проблемаларды шешу жөніндегі жұмыстардың негізгі бағыттары мен құралдардың тізбесі, сондай-ақ алға қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізу жөніндегі тетіктер көрсетіледі.

Іске асырылуы экологиялық қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін бағдарламаларда қоршаған ортаға ықтимал әсерді бағалау (ҚЫӨБ) жүргізіледі.

23. Бағдарламаны қаржыландыру көздері республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, мемлекеттік қарыздар, мемлекет кепілдігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар, тікелей шетелдік және отандық

инвестициялар, халықаралық қаржы экономикалық ұйымдардың немесе донор елдердің гранттары, екінші деңгейдегі банктердің кредиттері, ұйымдардың өз қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер болуы мүмкін.

Бағдарламаға мемлекеттік бюджеттен мемлекеттік қолдау жүзеге асырылған жағдайда үш жылдық кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштеріне сәйкес қаржыландырудың жылдар бойынша нақты көлемдері, іс-шаралары және қаржыландыру көздері көрсетілуі тиіс.

#### 24. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже:

бағдарламаны тұтас алғанда және кезең-кезеңімен іске асыру нәтижесінде қол жеткізілуі мүмкін материалдық және материалдық емес өзгерістерде;

бағдарлама қол жеткізуге бағытталған сапалық және сандық параметрлерді сипаттайтын индикаторларда (болжамды көрсеткіштерде) көрініс табады.

Индикаторлар бақыланатын және тексерілетін, бағдарламаны іске асыру жылдары бойынша анықталатын болуға тиіс.

25. Бағдарламаның алға қойылған мақсаттарына қол жеткізу үшін оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленуі тиіс. Іс-шаралар жоспары бағдарламаның құрамдас бөлігі болып табылады және ресурстары, жауапты орындаушылары мен жүзеге асыру мерзімдері (айы немесе тоқсаны және жылы) бойынша ұштастырылған бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары келісілген ұйымдастырушылық, экономикалық, ғылыми-техникалық және басқа да іс-қимылдар кешенін білдіреді және осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірленеді.

### 6. Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту тәртібі

26. Бағдарламаны әзірлеу мен бекіту мынадай кезеңдерге бөлінеді:

- 1) ұйымдастырушылық;
- 2) бағдарлама жобасын әзірлеу;
- 3) бағдарламаны келісу және бекіту.

27. Бағдарлама жобасын әзірлеудің ұйымдастырушылық кезеңі мыналарды қамтиды:

1) бағдарламаның жобасын тізбеге енгізу үшін (салалық (секторалдық) бағдарламалар үшін) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының жобасын қалыптастыратын жылдың алдындағы жылдың 5 желтоқсанынан кешіктірмей ұсыныстарды жолдау;

2) бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органды белгілеу.

Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шешімімен мүдделі мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың өкілдерінен құралған бағдарламаны әзірлеу жөніндегі комиссия (жұмыс тобы) құрылады;

3) бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган басшысының құжаттарды (бағдарлама әзірлеуді үйлестіру жоспары, бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері, оның тұжырымдамалық ұстанымдары, бағдарламаның негізгі бөлімдерінің құрылымы) оларды кейіннен мүдделі мемлекеттік органдарға және бірлесіп орындаушы ұйымдарға жолдай отырып бекітуі.

28. Бағдарлама жобасын әзірлеу кезеңі:

1) бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның сұратулары негізінде мүдделі мемлекеттік органдар мен бағдарламаны бірлесіп орындаушы ұйымдардың әзірленіп жатқан бағдарламаға, оның ішінде оның бөлімдеріне, мақсаттарына, міндеттеріне және оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына оның тұжырымдамалық ұстанымдары бойынша ұсыныстар беруді;

2) мүдделі мемлекеттік органдардың және бірлесіп орындаушы ұйымдардың ұсыныстары негізінде бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның бағдарламаның жобасын әзірлеуін көздейді.

29. Бағдарламаны келісу кезеңі:

1) бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның бағдарлама жобасын барлық мүдделі орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға келісуге жолдауын;

2) бағдарлама жобасын қаржыландыру көздері мен мерзімдері бөлінісінде бағдарламалық іс-шараларды қаржыландыру көлемі бойынша келісуге тиісті бюджет комиссияларға жолдауын қамтиды.



Егер бағдарламаның жобасы республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыруды талап ететін жағдайда, ол осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақпарат беріле отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарау кезеңінде тиісті бюджет комиссияларына енгізіледі.

Республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландыру ұйғарылатын бағдарлама жобасында көзделген іс-шаралар тиісті бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімінде ұсынылатын бюджеттік бағдарламалармен ұштастырылуға тиіс.

### 30. Бағдарламаны бекіту кезеңі:

1) бағдарламаны бекіту туралы шешімнің келісілген жобасын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе жергілікті өкілді органға ұсынуды;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті өкілді органның бағдарламаны бекітуін қамтиды.

31. Бағдарламаларды әзірлеу процесін бюджеттік процеспен үйлестіру мақсатында бағдарламалардың жобаларын әзірлеудің, келісудің және бекітудің мынадай мерзімдері белгіленеді:

I тоқсанда - әзірлеу;

II-III тоқсандарда - алдағы қаржы жылына арналған тиісті бюджетті қалыптастыру кезінде негізделген қаржылық есептеулерді бере отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік өтінімдерінің құрамында тиісті бюджет комиссиясымен келісу және оның қарауына енгізу;

IV тоқсанда - бекітуге енгізу.

## **7. Бағдарламаны іске асыру, оның мониторингін жүзеге асыру және іске асырудың тиімділігін бағалау тәртібі**

32. Бағдарламаны іске асыру мынадай кезеңдерге бөлінеді:

1) бағдарламаны іске асыру;

2) тұрақты мониторинг жүргізу;

3) бағдарламаны іске асырудың тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

4) бағдарламаны аяқтау (жалғастыру) туралы шешім қабылдау.

### 33. Бағдарламаны іске асыру процесі:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті өкілді органның бағдарламаларды бекіту туралы шешімдерін тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдардың назарына жеткізуден;

2) бағдарламаның іске асырылуына жауапты мемлекеттік органның бағдарламаны бірлесіп орындаушы ұйымдармен бірге іске асыруынан;

3) қажет болған жағдайда, тиісті бюджет комиссияларымен келісім бойынша бағдарламаны іске асыруға қатысушы орталық және жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары бойынша бағдарламаға жылына екі реттен жиілетпей түзетулер енгізуден тұрады.

### 34. Бағдарламаның іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру процесі:

1) бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның бағдарламаны іске асыру барысына тұрақты мониторингті жүргізуінен;

2) бірлесіп орындаушы ұйымдардың бағдарламаның өздеріне бекітілген бөлімдерін және іс-шаралар жоспарының тармақтарын орындау жөніндегі есептерін бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органға белгіленген мерзімдерде ұсынуынан;

3) бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының Үкіметіне, уәкілетті органға немесе жергілікті уәкілетті органға бағдарламаны іске асыру жөніндегі есептерді кезең-кезеңімен ұсынуынан әрі қажет болған кезде оған өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар дайындаудан тұрады.

35. Бағдарламаны іске асырудың тиімділігін бағалауды бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік орган (ішкі бағалау) және уәкілетті орган (сыртқы бағалау) жүргізеді.

#### Бағалауды жүргізу процесі:

1) бағдарлама мен іс-шаралар жоспарын іске асыру барысын;

2) материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігін;

3) жоспарланған міндеттер мен индикаторларға қол жеткізу дәрежесін;

4) бағдарламаны іске асырудың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін талдаудан тұрады.

Уәкілетті орган бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік орган ұсынатын бағдарламаны іске асыру барысы туралы есептерді талдайды және қажет болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағдарламаны одан әрі іске асырудың орындылығы туралы қорытынды береді.

Уәкілетті органның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сыртқы бағалауды жүзеге асыру үшін шарт негізінде ғылыми-зерттеушілік және басқа да ұйымдарды тартуға құқығы бар.

36. Бағдарламаны аяқтау (жалғастыру) туралы шешім қабылдау кезеңі:

1) бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органның бірлесіп орындаушылармен бірге бағдарламаның іске асырылу нәтижелері туралы түпкілікті есеп дайындауын, онда:

бағдарламаны іске асыру барысында қол жеткізілген нәтижелер;

бағдарламаның жоспарланған міндеттері мен индикаторларына қол жеткізу дәрежесі;

бағдарламаны іске асырудың елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға мультипликативтік әсері көрсетілуі тиіс;

2) бағдарламаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органның оны аяқтау немесе іске асыруды жалғастыру қажеттігі туралы ұсыныспен бірге бағдарламаны іске асыру нәтижелері туралы түпкілікті есепті немесе жаңа бағдарлама әзірлеу қажеттілігі туралы ұсынысын Қазақстан Республикасының Үкіметіне, уәкілетті органға немесе жергілікті уәкілетті органға беруін;

3) бағдарламаны іске асыру туралы түпкілікті есепті Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті органның немесе жергілікті өкілді органның қарауын;

4) бағдарламаның аяқталғаны және оны бақылаудан алу туралы немесе оны іске асыруды жалғастыру не жаңа бағдарлама әзірлеу туралы шешім қабылдауды қамтиды.

Қазақстан Республикасында  
салалық (секторалдық) және  
өңірлік бағдарламаларды  
әзірлеу және іске асыру  
ережесіне  
1-қосымша

**Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының нысаны**

Р/с	Іс-шара	Аяқтау	Орындауға	Орындау	Болжамды	Қаржылан.
N		нысаны	жауаптылар	мерзімі	шығыстар	дыру
				(млн.тенге)	көздері	

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

Қазақстан Республикасында  
салалық (секторалдық) және  
өңірлік бағдарламаларды  
әзірлеу және іске асыру  
ережесіне  
2-қосымша

**Бағдарлама жобасы туралы ақпаратты бюджет комиссиясына ұсыну нысаны**

Салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаның атауы \_\_\_\_\_

Әзірлеуші (жауапты орындаушы)

Р/с	Орындауға	Бағдарламамен	Қолданыстағы бюджеттік		
N	Іс-шара	(іске	болжамды шығыстары	бағдарламалар	
	асыруға)				
	жауапты	бар.	соның ішінде,	Код, бюджеттік	жыл*
		лығы	жылдар бойынша	бағдарламаның	
				атауы	
		жыл*	жыл	жыл	жыл

1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10

Республикалық бюджет

Жергілікті бюджет

таблицаның жалғасы

Бюджеттік өтінім бойынша

болжамды шығыстар

бар. | соның ішінде,

лығы | жылдар бойынша

|

| ЖЫЛ | ЖЫЛ | ЖЫЛ

11 | 12 | 13 | 14

Ескерту:\* - осы бағандарда өткен жылы бағдарламаны іске асырудың  
ақпараты көрсетіледі

КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН